



**БҰЙРЫҚ**

12.12.2017. № 634

Қостанай қаласы

**ПРИКАЗ**

город Костанай

**Банкроттық басқарушыны  
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2)-тармақшасына сәйкес, «Сварочный Центр-Костанай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС) банкрот деп тану туралы 2017 жылғы 20 қарашадағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2017 жылғы 6 желтоқсандағы «Сварочный Центр-Костанай» ЖШС-нің кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Серик Александрович Мусин «Сварочный Центр-Костанай» ЖШС-нің (БСН 080240019913) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес С.А. Мусинге банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы С.А. Мусин «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Жаканов